

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
Бәрімбек Бейсенов атындағы
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

Әскери және тактика - арнайы даярлық кафедрасы

«Өмір қауіпсіздігі» пәні бойынша кәсіби даярлық
факультетінің курсанттарына арналған.

Тақырып Өсімдік және жануарлар текті улармен уланған
кездегі шұғыл көмек.

Қарағанды қ.2023ж.

Дайындаған:
Әскери және тактика-арнайы даярлық
кафедрасының оқытушысы
полиция капитаны

З.Д. Хайрулла

ПӘС талқыланып, кафедра мәжілісінде бекітілді
2023 жылғы « » _____№ хаттама

Оқулық мақсаттары:

1. Курсанттарға улы саңырауқұлақтармен улану, өсімдік уларымен таныстыру.
2. Курсанттарға жәндіктер мен хайуанаттардың тістеуінен алғашқы көмек (иттен, өрмекшіден, кенеден) көрсету түрлерімен таныстыру.

Сабақ жоспары

1. Улы саңырауқұлақтармен улану, өсімдік уларымен улану. Тамақтан улану.
2. Тамақтан улану кезіндегі шұғұл көмек.
3. Жәндіктер мен хайуандардың тістеуінен алғашқы көмек (иттен, өрмекшіден, кенеден).

Әдебиеттер:

1. Азаматтық қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V ҚРЗ
2. «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы N 387 Заңы //ЖК
3. 20.11.2014 жылғы редакциясында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 тамыздағы № 933 қаулысы Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы.
4. Өмір-тіршілік қауіпсіздігі: Оқулық (қажетті мәтіндерді аударған және оқулықты құрастырған С.Арпабеков).- Алматы, 2004, - 256 бет.
5. Төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс жөніндегі материалдардың ақпараттық - әдістемелік жинағы. (3 (7) шығарылым, 2001 ж.).
6. Тайжанов С. Өмір қауіпсіздігі негіздері: Жалпы білім беретін мектептер мен кәсіби білім беру орындарына арналған оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2004, - 254 бет.
7. Егоров П.Т. Шляхов И.А. Алабин Н.И. *Гражданская оборона. М. 1970.*
8. І.Б. Нысанқұлов, С.Ж.Тоқтабеков, Н.Ж.Қожамжаров. Өмір қауіпсіздігінің негіздері: Оқу құралы.Қарағанды, 2012 жылғы.
9. Ф.Е. Бөрібай, К. Охан. Өмір қауіпсіздігі: Оқу құралы.Қарағанды, 2019 жылғы.
10. З.Д Хайрулла, Д.З. Ахметов. Өмір қауіпсіздігі: Оқу құралы.Қарағанды, 2023 жылғы.

Кіріспе.

Улы саңырауқұлақтармен улану, өсімдік уларымен улану, тамақтан улану, тамақтан улану кезіндегі шұғыл көмек көрсету және де жәндіктер мен хайуандардың тістеуінен алғашқы көмек (иттен, өрмекшіден, кенеден) қалай көрсетілуі баяндалған. Улы саңырауқұлақтардың улылық дәрежесі әртүрлі; алайда адам үшін қауіптілері бозғылт арамқұлақ, шыбынжұт, алдама томарқұлақ пен тілікқұлақ. Адам асқа жарамды саңырауқұлақты, егер ол бүлінген болса, жеген кезде улануы мүмкін (зең түскен, шырыш аққан және ұзақ сақталған).

Сонымен қатар сұрғылт арамқұлақтың улары-фаллоин, фаллоидин мен амантин (аматотоксин) қайнатқан кезде де, құрғатқан кезде де өзінің улылық қасиетін жоғалтпайды. Олар тіпті адамның асқазаны мен ішегінде де бұзылмайды. Бұл үшін жеуге жарамды, улы және жеуге болмайтын саңырауқұлақтардың ерекше белгілерін, жеуге жарамды және шартты жеуге жарамды саңырауқұлақтарды ұқсату әдістерін, жеуге жарамды саңырауқұлақтарды әзірлеу мен ұқсатудың санитарлық тәртіптерін сақтау қажет. Улану әр түрлі себептен пайда болады: дәрімен улану, тамақтан, арақтан, наркотикалық, улы заттардан улану. Олардың барлығы медициналық көмекті қажет етеді.

1. Улы саңырау құлақтармен улану, өсімдік уларымен улану.

Улану асқа саңырауқұлақтарды, мысалы оның бозғылт поганка, қызыл мухомор, жалған опенок және жалған сморчок деген түрлерін қолданғанда, сонымен қатар жеуге жарайтын сморчок, строчка, қабанқұлақ саңырауқұлақ, қызғылт саңырауқұлақ сияқтыларды аспаздық тұрғыдан дұрыс өндемеген жағдайда туындайды. Уланудың шапшаңдығы саңырауқұлақтардың түрлеріне байланысты. Мысалы, бозғылт поганкамен уланғанда ондағы барлық у ағзаға сіңіп болғаннан кейін, яғни 2-3 тәуліктен соң білінеді. Сондықтан саңырауқұлақтарды асқа пайдаланғанда немесе жинағанда жеуге жарайтын-жарамайтындығын анық білу керек. Әсіресе оның бозғылт саңырауқұлақ деген түрін шампиньоннан, шатыр тәрізді саңырауқұлақтан және басқа да жалпақ саңырауқұлақтардан ажырата білген жөн.

Саңырауқұлақтардан уланған кезде адам құсады, содан кейін улану белгілері, мысалы, елестеулер, сананың жоғалуы, қатты масаю байқала бастайды. Бауыр зақымданады және басқа да өзгерістер білінеді. Бозғылт поганка адамды өлімге әкеп соқтыруы мүмкін. Кейбір жеуге жарайтын саңырауқұлақтар көгеріп кетсе, сондай-ақ жылы жерде тұрса, ондағы ақуыздардың ыдырауынан улы заттар пайда болуы мүмкін.

Бозғылт поганкада улы заттардың екі тобы болуы мүмкін: тез әсер беретін фаллоидин және баяу әсер ететін уытты аманитин. Олардың екеуі де бауыр мен бүйректі қатты зақымдайды. Асқа пайдаланғаннан кейін 8-24 сағаттан соң іш қатты ауыра бастайды, жүрек айниды, құсып, қан мен шырыш араласқан іш өту мазалайды.

Бауыр мен бүйрек қызметі бұзылады. Тері сарғайып, бауыр көлемі ұлғаяды, қан қысымы төмендеп кетеді. Егер осындай жағдайда шұғыл жәрдем жасалмаса, қан тамырларын қозғалтатын орталықтың салдануы салдарынан

алғашқы тәуліктің соңына қарай адам ес-түстен айырылып, өлімге ұшырайды. Мухомормен улану өте сирек, өйткені оны сыртқы пішіні бойынша басқалардан ажырату оңай. Мухоморда болатын мускарин деген удың салдарынан денеде құрысу, қарашықтың кішіреюі, сілекей шұбыру, тершендік, іштің ауыруы, жүректің айнуы, көзден жас ағу, іштің қатты шұрылдауы сияқты белгілер пайда болады.

Бұдан әрі қарай адам сандырақтайды, тынысы тарылады т.б. Дер кезінде жәрдем көрсетілмесе, жүрек-қан тамыр қызметі жеткіліксіздігінен адам қайғылы жағдайға душар болады. Мұнда уланудың алғашқы белгілері жарты сағаттан кейін-ақ байқалады. Кейбір күнделікті асқа пайдаланып жүрген саңырауқұлақтар дұрыс сақталмаса немесе дұрыс дайындалмаса, оны жегеннен кейін 1-3 сағаттан соң жайсыздық тудыра бастайды, яғни жүрек айнып, құстырады, іш өту жиілейді. Егер жәрдем көрсетілсе, бір-екі күнде адам тәуір болып, бұрынғы қалпына оралады.

Строчка деген түрінде гелвелл қышқылы бар. Ол эритроциттерге әсер етіп, оларды бұзады да, гемолиз пайда болады. Алғашқы белгілері 6-10 сағаттан кейін білінеді. Мұнда да адамның жүрегі айнып, құсады, іші мен басы ауырады, қан қысымы төмендейді, эритроциттердің бұзылуы салдарынан несеп қызылғылттанады. Екінші не үшінші тәулікте қатты улану нәтижесінде пайда болған гемолиз салдарынан адамда сарыауру дамиды. Құрысулар, жүрек қызметінің жеткіліксіздігі күшейе түседі. Соңы ауыр жағдайға соқтырады.

Алғашқы жәрдем Саңырауқұлақ жегеннен кейін кез келген жағымсыз жағдайда немесе уланғанына күдіктенгенде, науқастың кідірместен дәрігерге қаралуы керек немесе ауруханаға жеткізілуге тиіс. Дәрігер келіп ем тағайындағанша, асқазанды мол сумен немесе марганцовканың әлсіз ерітіндісімен не тұзды ерітіндімен (стакан суға жарты қасық тұз салып) шаю керек. Мұны 5-6 рет қайталап, науқасты төсекке жатқызады. Белсенділендірілген көмір немесе іш айдағыш дәрі ретінде күкірт қышқыл магнезия ерітіндісін (35 г магний сульфатын жарты стакан суға ерітіп) қабылдау керек. Толық тазарту үшін клизма жасаған дұрыс. Адам қайта құсып немесе іші өтіп, ағзадан көп сұйықтықты жоғалтады, сондықтан құсуды бәсеңдететін аздаған тұзды су және қою шай ішуі керек. Кейбіреулер мұндайда алкоголь ішуге әрекет етуі мүмкін, бұл дұрыс емес. Өйткені ол саңырауқұлақ уының ағзаға сіңуін күшейтіп жібереді. Алғашқы жәрдемнен кейін тиісті емді тәжірибелі дәрігер тағайындауы тиіс.

Алғашқы медициналық көмектің міндеті.

Жарақаттанған адамның өмірін сақтап қалудың қарапайым шараларын жасау, көп қиналудан асқыну мүмкіндігінен сақтандыру, жарақат немесе ауру зардаптарының жеңілдеуіне мүмкіндік жасау.

Жазым болған жерде алғашқы дәрігерлік көмекті жарақаттанған адамның өзі немесе оның серігі, жасақшы санитар қыз көрсетуіне болады. Алғашқы дәрігерлік көмек көрсетудің мынадай шаралары бар: қанның ағуын уақытша тыю; жараға немесе дененің күйген жеріне стерилді тыңғыш байлап, қолдап тыныс алдыру және жүрек уқалау; антидоттр жіберіп, антибиотик ішкізу; ауруды басатын дәрі егу; жанып жатқан киімді сөндіру; тасымалдауға әзірлеп,

иммобильдеу, денесін жылытып, ыстық пен суықтан сақтау; противогаз кигізу; жарақаттанған адамды зақымданған жерден әкетіп, аз-аздап санитарлық тексеруден өткізу.

Алғашқы медициналық жәрдем неғұрлым тез көрсетілсе, зақымданудың бұдан былайғы барысы мен сауығу нәтижесі адам өмірін сақтап қалуда шешуші әсер етеді. Қан көп кетіп, электр тоғы соққанда, суға батқанда, жүрек қызметі, тыныс алу тоқтағанда, басқада бірқатар жағдайларда дереу алғашқы медициналық көмек көрсетілуі тиіс.

2. Тамқтан улану кезіндегі шұғыл көмек.

Улану әр түрлі себептен пайда болады: дәрімен улану, тамақтан, арақтан, наркотикалық, улы заттардан улану. Олардың барлығы медициналық көмекті қажет етеді.

Белгілері:

Іштің өткір, кесілгендей ауру (острая, режущая боль в животе).

Құсық (рвота).

Іш өту (понос).

Әлсіреу, қысымның төмен түсуі. (слабость, понижение давления).

Сіздің іс-әрекетіңіз:

Адамға көбірек жылы, қайнаған су ішкізіп, құстыру арқылы асқазанды тазалау керек.

Егер адам демалмаса, оған тезірек демалдыруды (искусственное дыхание) жасау керек.

Жедел жәрдемді шақырыңыз.

Ақылды кеңестер:

Санасынан айырылған адамның тілі, демалдыру тамағын бекітіп тастау мүмкін.

Сондықтан осыны тексеру керек.

Жүрек соғуын (проверить пульс). Егер жүрек соғуы бірқалыпты емес (неровный) немесе ақырындаған (замедленный) болса, тезірек дәрігерді шақырыңыз.

Егер мас адам ұзақ уақыт бойы белсенді қалпында болса, құсығы тоқтамаса немесе қант диабетімен аурғаның білсеңіз, тезірек дәрігерді шақыру керек.

Ұзақ сақталған консервлерді тамаққа пайдаланбаңыз.

Шамалы болса да бұзылған, исі шыққан тамақтарды жеменіз. Оларды лақтырып жіберу қажет.

Антисанитарлық жағдайда жасалған тамақты жеменіз.

Уланған адамға тамақты бермеңіз, оған тек қана шамалы су ішкізуге болады.

Егер адам тамақтан уланған болса, оған сүтті беруге тиім салынады.

Уланған адамға дәріден тек қана ауруды басатын (обезболивающее) және іштің өтуіне қарсы (противопоносные) дәрілерді беруге болады.

3. Жәндіктер мен хайуандардың тістеуінен алғашқы көмек(иттен,өрмекшіден,кенеден)

Жануарлардың шабуылы және шағуы, улы құрт құмырсқаның шағуы.

Олардың шағуы кісі өлімге апармайды. Олар тек қана шағуға аллергия бар адамдарға қауіпті.

ШАЯН (скорпион) ШАҒУЫ.

Шаянның шағуынан кейін улану екі тәулікке созылады. Оның белгілері шаққанан кейін алғашқы сағаттарда білінеді. Шаққан жері ісиді, кейбір жағдайда сұйық толтырылған пузырькалар пайда болады.

Уланудың белгілері:

Әлсіздігі.

Бастың ауруы және айналуы.

Озноб.

Жиі дем алу. (Одышка).

Қатты терлеу. Мұрыннан және көзден сұйқтың ағуы (слизь из носа и слезотечение).

Журектің ауруы. Температураның көтерілуі (38 градусқа дейін).

Емделуі: Ауыруы және ісігін жылу комперстармен және жирдік мазьдік повязкамен (антигистаминовая мазь) келтіреді. Негізгі емделуін дәрігер бекітеді.

Қарақұрт шағуы.

Қарақұрттың шағуы 4-12 тәулікке созылады. Бұл уақыт өткеннен кейін бәрі бір адам тез шаршап жүреді ж/е әлсіз болады.

Уланудың белгілері:

Бұлшық еттердің әлсіздігі.

Қозғалудың координациясының бұзылуы. Аяқтың, қолдың, белдің және іштің қатты ауруы.

Көздің ісігі (отек вен).

Озноб. 39 градусқа дейін температураның көтерілуі.

Қатты терлеу.

Қысымның өсуі.

Кейбір жағдайда адам қозғалмай қалады және аяғында тұралмай қалады.

Емделуі: Тез ғана дәрігерге жолығу.

ЖАНУАРЛАРДЫҢ ШАБУЫЛЫ Ж/Е ШАҒУЫ/ АРА МЕН АСАНЫҢ ШАҒУЫ (Укус пчелы и осы).

Әсіресе осы жәндіктердің шағуынан аллергиясы бар адамдарға өте қауіп төндіреді. Тұншығудан, тартылудан (бұлшық еттердің, өкпенің) адам бір сағатта немесе бірнеше минуттан кейін өліп қалуы мүмкін.

Уланудың белгілері:

Беттің немесе бүкіл дененің қатты ісуі.

Тұншығу.

Есінен айырылу.

Құсу.

Алғашқы жәрдем:

Уақыт кетірмей, тез жедел жәрдемді шақыру.

Оның келуіне дейін теріден араның инесін алу қажет (аса инесін қалдырмайды).

Барлық саусақтың тырнағымен қысып алып және улы сумкеге тигеуге тырысу керек.

Осыдан кейін жараға мұз қойып антигистаминдік мазьді жағу қажет.

Адамды арқаға жатқызып, аяғын бастан жоғары қою керек.

Демін жеңілдету үшін көйлектің төмелерің ж/е белбеуді шешу қажет.

Адамды көрпемен жабу керек.

Адамға тамақ, су, шылым шегуге тыйым салыңыз.

Сананы жоғалған жағдайда адамды кеудеге жатқызып, басын қисайту қажет.

Қауіпті ауызға немесе тілге шақса. Себебі тамағы ісіп дем алуға кедергі жасауы мүмкін. Бұл жағдайда жедел жәрдем шақырғаннан кейін:

Адамға мұз сордырып қойңыз (мұз ісуді бастырады).

Егер адам есінен талса және демалмаса, жасанды дем беруді бастаңыз.

ЖАНУАРЛАРДЫҢ ШАБУЫЛЫ Ж/Е ШАҒУЫ/ ЖЫЛАННЫҢ ШАҒУЫ (Укус змеи).



Жылан шаққанда алғашқы жәрдем дұрыс берілмесе немесе мүлде берілмесе у адам организмде тез таралу мүмкін.

Уланудың белгілері:

Шаққан жер тез ісиді. Ісік бүкіл қолды немесе аяқты және әрі қарай бүкіл денені алуы мүмкін.

Алғашқы 20-40 минутта адам шок болады: бет ағарады, бас айналады, жүрек айналуы, жиі және әлсіз пульс, артериалдық қысымның төмен түсуі, сананың жоғалуы (потеря сознания).

Сіздің іс-әрекетіңіз:

Тез арада адамды жатқызып, тыныштық жасап беру керек, себебі қозғалғанда қан айналымы жылдамдап у тез тарайды.

Жараны ашып уын ауызымен сорып тұкіріп отыру қажет. Бұл процедураларды 15 минут бойы қайталау қажет. Өзіңіз деп уланып қаламың деп қорқпаңыз.

Жараны йодпен, спиртпен немесе басқа дезинфекциялық жабдықпен сүрту қажет.

Жаралған жеріне повязканы салу керек. Ісігі көбейген сайын повязканы әлсірету қажет.

Адамға су беріп жақын жердегі ауруханаға апарыңыз.

Егер адам шошыса (шок), онда бұл күйден оны шығаруға ұмтылыңыз. Егер адам дем алмаса, онда оған жасанды дем беріңіз.

Егер адам санасың жоғалтып, өзі дем алып жатса (сам дышит) онда оны кеудеге аударып дем алуға қауіпсіз жағдайға жатқызыңыз.

Қатаң тыйым салынады.

Жаралған буынға байлам (жгут) салуға.

Жарақат алған жерді кесуге және күйдіруге.

ПАЙДАЛЫ ҚЕНЕСТЕР:

Біздің елімізде улы жыландардан тек қана гадюка кездеседі.

Егер жылан сізді басқа жерде шақса, онда жыланды есіне сақтауға ұмтылыңыз.

Олай сіз дәрігерге уға қарсы дәріні табу үшін жеңілдік жасайсыз.

Жыландар бар жерлерге қонбауға ұмтылыңыз.

Жыландар бар жерлерге бара жатқанда (тауға, орманға) қалың киімді және етіккі (сапоги) киуге ұмытпаңыз.

Жыландар ешқашанда адамға бірінші шабуыл жасамайды. Сондықтан ұсақ болыңыз, жылындарды кездейсоқ басып кетпеніз және олармен ойнамандар.

Жыланның шағуының әкелер зардабы да өте ауыр. Сондықтан жылан мекендейтін жерлерге барардың алдында ең алдымен жабық аяқ киімді, ең жақсысы етіккі киген жөн.

Жыланның шағуынан зардап шегуші жағдайының ауырлығы оның түріне байланысты. Қазақстанда сұр жылан, оқ жылан, сырыбас жылан кездеседі.

Жыландардың бұл тобының уы қан түйіршіктерін өзгертеді. Жылан шаққан жердің төңірегі жылдам домбығып, қанталайды және төңіректегі ұлпаларға жылдам таралып, оның төңірегіндегі дененің басқа мүшелерін зақымдайды.

Жылан уы әсерінің жалпы белгілері: әлсіздік билеу, бас айналу, талықсу, жүректің айнуы және құсу, ауыр жағдайда есінен айрылып, өкпе қанталайды және шаққан жер домбығады.

Жылан уы әсерінің барлық белгілері: орташа ең екі сағаттан кейін, кейде тәуліктен кейін анық білінеді.

Алғашқы медициналық көмек.

Шаққан жердің уын ауызбен жедел сорып тастау керек. Мұны зардап шегушінің өзі немесе оның серіктерінің бірі жасай алады. Ауыз қуысында жарақша немесе жара болмау керек, өйткені у солар арқылы қанға түсуі мүмкін. Жылан уының сау ауыз кілегейіне, тіпті асқазанға түсуі мүлдем қауіпсіз. Егер уды өз уақытында сорып тастаса, зардап шегушінің улану деңгейі әлсіреп, жылдам сауыға бастайды.

Жылан шаққаннан кейін қозғауға болмайды, өйткені қозғалыс удың қанға өтуін жеделдетеді. Жылан шаққан адам қозғалмай жатуы тиіс. Зақымдалған жерді сынған жағдайдағы сияқты қозғалтпау қажет. Бұл үшін тақтайшаға байлап, сыртың қатты таңып тастау керек.

Жылан шаққан жерді кез-келген дәрі-дәрмекпен залалсыздандыру қажет (йод, спирт).

Шаққан жерді, кесуге, күйдіруге болмайды. Күйдіргі қою да залалды – бұның барлығы ұлпаны қосымша жарақаттайды. Зардап шегушінің жағдайын көп ішкен су жақсартады.

Жылан шаққан адамды реанимация қызметі бар кез-келген ауруханаға апару керек. Қажет жағдайда жылан уына қарсы шипалы сарысулар егіледі.

Жыланның адамға еш уақытта бірінші болып тиіспейтіндігін, тек қорғану үшін шағатындығын әрдайым есте ұстау керек.

ЖАНУАРЛАРДЫҢ ШАБУЫЛЫ Ж/Е ШАҒУЫ/ КЕНЕНІҢ ЖАБЫСУЫ (Присасывание клеща).

Кенелер әр түрлі ауруларды тарататындығымен өте қауіпті. Мысалы – энцефалит.

Кененің теріне жабысып алғанын көрсеңіз:

Оны қолмен жұлмаңыз.

Оған шылымның ұшымен немесе шоғы бар таяқшамен тигізіңіз. Кене түсіп қалады.

Кенеге семешке майдің немесе машина маймен тамшылап байламның астында қалдыруға болады. Содан кейін ақырын пинцетпен алып тастаңыз.

Жарақат жеріңді сабынды сумен жуыңыз. Сосын антигистамин мазьді жағып қойыңыз.

Міндетті түрде дәрігерге жолығыңыз.

ЖАНУАРЛАРДЫҢ ШАБУЫЛЫ Ж/Е ШАҒУЫ/ ИТТІҢ ШАБУЫЛЫНЫҢ ҚАУІПІ (Угроза нападения собаки).



Иттің жанынан өткенде ешқашан оның көзіне карамаңыз. Ол сіздің оған шабуыл жасайын деп жатқанын ойлайды.

Егер ит сізге шабуыл жасаса, онда сіздің іс-әрекетіңіз мынандай болу керек:


Итті ұрмай, қатты айтыңыз: «Сидеть», «Стоять», «Отыр», «Тұр». Дрессингке болған ит бұл бұйрықты түсінеді.

Егер сізге ит секіріп кетсе, онда оған шынтақты беріңіз. Аурғанына шыдап шынтақты иттің ауызына тереңрек итеріп жібіңіз. Иттің тістегені әлсіреуге тиісті. Қолында қатты жұмыңыз, әйтпесе сізде қатты жарақат (рванная рана) болу мүмкін. Ал ит жаңа жеріңізді тістейді.

Ит тістегеннен кейін дәрігерге жолығыңыз. Ол сізге құтырудан прививканы жасау керек. Тістеген жерін сабынды сумен жуыңыз.

Егер ит иесімен қыдырғанда сізді тістесе, онда иттің иесінен құтырудан жасалған прививкасы итте бар справканы сұраңыз.

ЖАНУАРЛАРДЫҢ ШАБУЫЛЫ Ж/Е ШАҒУЫ/ БҰҚАНЫҢ ШАБУЫ (Нападение быка).



Бұқаға қарай қолмен сілкемеңіз, мазақтамаңыз.

Егер бұқа сізге шабуыл жасайын деп тұрса, онда:

Бұқадан таза далада (чистом поле) қашпаңыз. Бұқа сізді тез қуып жетеді.

Жан жақта қарап, қай жерге тығылып қалуға (укрытие) болады деп ойлаңыз.

Ешқашан бұқаға артпен тұрмаңыз. Әрқашан оған қарап тұрыңыз.

Бұқаның зейін басқа нәрсеге аударып көріңіз, мысалы куртканы лақтырып жібіңіз. Егер тығылатын жер жақын болса, онда бұқа есін жинағанша, сіз укрытияға қашып кетуге үлгересіз.

Егер бұқа сізді қуып жатса, онда есіңізде болсын – бұқа жүгіру бағытын тез өзгерте алмайды. Сондықтан укрытияға зигзагамен қашыңыз.

Сонаның, араның, бүгелектің шағуы қатты ауыртады және ине сұғып алғандай сезінеді. Шаққан жер күрт үлбіреді, алайда организмге жалпы әсері елеусіздеу: аратұра бас ауырады, жүрек айныйды, талықсу пайда болады. Сонаның немесе араның шағуы жәндіктердің уынан қатты тітіркенетін адамдар үшін аса қауіпті. Мұндай адамдар ара мен сонаға жоламауға тырысу керек, сонымен қатар жылдың жылы уағында аллерголог белгілеген супрастин, пипольфен немесе басқа дәрімекті өзімен бірге алып жүру керек.

Ара мен сонаның шағуы әртүрлі білінуі мүмкін: терінің үлбіреп қабынуы, көмейдің домбығуы немесе бітелеуі, демікпе ұстамасы.

Алғашқы медициналық көмек.

Жедел көмекті шақыру;

Ол келгенде дейін терідегі ара біздерін (сона бізгек қалдырмайды) оны үлкен саусақтың тырнағымен қыса отырып алып тастау керек;

Бұдан кейін жараға суық компресс қою немесе оған антигистаминдік май жағу; Адамды аяғы оның басынан биік болатындай етіп жатқызу (жастықты, бүктелген киімді және т.б. қоюға болады);

Оның дем алуын жеңілдету, (белбеуді, жағаны ағыту) және оны бір бүйірмен жатқызу (құсатын болса);

Зардап шегушіге көрпе жабу; оған су мен тамақ бермеу, темекі тартқызбау;

Есінен танған немесе құса бастаған жағдайда оның жақсы дем алуы үшін етпетінен жатқызу керек.

Жәндіктердің жағуын жақтырмаушылық белгілері байқалған бойда емдеуді шұғыл бастау керек, міндетті түрде терапевт бөліміне жөнелтілуі тиіс.

Шайандардың шағуы – Қазақстанның аудандарында жиі кездеседі.

Улану бір жарым екі тәулікке созылады, оның белгілері әсіресе шаққаннан кейінгі алғашқы сағаттан соң қатты білінеді, шаққан жер жылдам күлбіреді, кейде бүршіктер де пайда болуы мүмкін, төңірегіндегі сөл сүйіндері мен сөл жолдары домбығады. Жалпы улану белгілері әр түрлі: жоғарғы тыныс жолдарының тітіркенуі, дене температурасының көтерілуі.

Улану белгілері:

дененің жалпы ауруы;

бастың ауруы және айналуы;

қалтырау;

демігу;

мазасыздық жағдайды селқостық ауыстырады;

тердің қатты шығуы, көзден жас ағу және мұрыннан су сорғалау;

жүрек айналасының шаншуы, температураның көтерілуі (38С дейін).

Алғашқы медициналық көмек.

шаққан жерге кез-келген өсімдік майын жағу;
шаққан жерге ыстық қыздырғыш қою;
анальгин мен антигистаминдік дері-дәрмектер ішу (суппростин, демидрол, пипольфен);
зардап шегушінің жағдайын кәсіби бағалау және соған байланысты сырқатты жазу мен жалпы улануды емдеу шараларын таңдау қажеттігінен жедел дәрігер шақыру.

Ауруханаға зардап шегушінің жағдайы өте ауыр болғанда ғана жөнелтіледі.

Қарақұрттың шағуы – улану 4-12 күнге созылады және зардап шегуші айыққаннан кейін көп уақыт бойы өзін әлсіз сезініп, жылдам шаршайды.

Улану белгілері:

бұлшық еттің қатты әлсіреуі;
қозғалыс ырғағының бұзылуы;
аяқ-қолдың, белдің сырқырауы және іштің ауруы;
көздің қабығында ісік пайда болуы мүмкін;
жоғары температурада (39С дейін) қалтырау;
тердің қатты шығуы;
қысымның көтерілуі;
адам кейде жүре алмай, өз аяғынан тұра алмайды.

Ем:

жедел медициналық көмек.

Кененің кіруі – кенелер көктемнің аяғы мен жаздың басында пайда болады.

Кенеден дұрыс киілген киім қорғай алады, оның барлық ашық жері түймеленіп, қымталуы тиіс.

Кененің шыққаны білінбейді: ол жараға ауыртпайтын затты сіңіреді. Сондықтан кене бірден байқалмайды. Кене көп жағдайда қолтықтың астын, мойынды, құлықтың ішін, шапты сорады. Басқа жерлерді де шағуы мүмкін.

Алғашқы көмек.

Қанды сорған кенені қысуға немесе қатты сілкуге болмайды. Бұл тек энцефалитпен зақымдануды күшейтеді. Ең алдымен кене мен терінің төңірегіне май немесе сұйық май құйып, сәлден соң ұшына дәкі байланған пинцетпен немесе саусақпен ұстап, оны теріден баяу қозғалыспен алып тастау қажет.

Басқа жағдайда кененің басы терімен түйіскен жерде жіпті ілгекпен байланады. Жіптің ұшын тартқанда оның ілгегі кенені ақырындап тартып шығарады.

Кенені алғаннан кейін шаққан жерінен қолды залалсыздандыру қажет.

Зардап шегушінің хал-күйі бас ауруынан, әлсіздіктен, ыстықтан, бұдан кейін құсудан, құрысудан, көз бен естудің нашарлауынан төмендеген жағдайда, оны кешіктірмей емдеу мекемесіне апару қажет. Ыстық сумен жуындыруға болмайды, (зардап 3-14 күннен кейін байқалады).

Қорытынды:

Улы саңырауқұлақтармен улану, өсімдік уларымен улану, тамақтан улану, тамақтан улану кезіндегі шұғұл көмек көрсету және де жәндіктер мен хайуандардың тістеуінен алғашқы көмек (иттен, өрмекшіден, кенеден) қалай көрсетілуі қарастылды. Улы саңырауқұлақтардың улылық дәрежесі әртүрлі; алайда адам үшін қауіптілері бозғылт арамқұлақ, шыбынжұт, алдама

томарқұлақ пен тілікқұлақ. Адам асқа жарамды саңырауқұлақты, егер ол бүлінген болса, жеген кезде улануы мүмкін (зең түскен, шырыш аққан және ұзақ сақталған).

Сонымен қатар сұрғылт арамқұлақтың улары-фаллоин, фаллоидин мен амантин (аматотоксин) қайнатқан кезде де, құрғатқан кезде де өзінің улылық қасиетін жоғалтпайды. Олар тіпті адамның асқазаны мен ішегінде де бұзылмайды. Саңырауқұлақпен қатты уланған сырқаттарға алғашқы емдеу күнінен бастап стероидті гормоналды препараттар енгізіледі (80мл преднизолон немесе 150мл гидрокартизон).

Бұл үшін жеуге жарамды, улы және жеуге болмайтын саңырауқұлақтардың ерекше белгілерін, жеуге жарамды және шартты жеуге жарамды саңырауқұлақтарды ұқсату әдістерін, жеуге жарамды саңырауқұлақтарды әзірлеу мен ұқсатудың санитарлық тәртіптерін сақтау қажет.

Улану әр түрлі себептен пайда болады: дәрімен улану, тамақтан, арақтан, наркотикалық, улы заттардан улану. Олардың барлығы медициналық көмекті қажет етеді.